*Білім және ғылым қызметкерлері*
*Кәсіподағының Салалық Кеңесімен*
***БЕКІТІЛГЕН***
***№ 1 хаттама***
***«02»09. 2022жыл***

**«Қазақстандық салалық білім және ғылым**
**қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің**
**«Атбасар ауданы білім бөлімінің Атбасар қаласы №7 орта мектебі» МКМ**
**бастауыш ұйымы туралы**
**ЕРЕЖЕ**

## 1 бап. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің бастауыш ұйымы туралы Ереже ҚР «Кәсіптік одақтар туралы» Заңының 15 б. 2 т. және «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ Жарғысына сәйкес әзірленген.

1.2. Бастауыш ұйым – нақты ұйымда және осы ұйымның қызметкерлері болып табылатын кәсіподақ мүшелерінен тұратын кәсіподақтың құрылымдық бөлімшесі.

Бастауыш кәсіподақ ұйымы Кәсіподақтың және оның тиісті аумақтық ұйымының құрылымдық бөлімшесі болып есптеледі.

1.3. Бастауыш кәсіподақ ұйымы жиналыста (конференцияда) білім және ғылым мекемесінің қызметкерлерімен және (немесе) білімгерлерімен, кемінде үш кәсіподақ мүшесі болғанда құрылады.

1.4. Кәсіптік білім беру ұйымдарында қызметкерлер мен білімгерлерді біртұтас (біріккен) ұйымдары құрылуы немесе қызметкерлер мен білімгерлерді жеке дара біріктіретін дербес бастауыш ұйымдары құрулы мүмкін.

1.5. Бастауыш кәсіподақ ұйымы Кәсіподақ Жарғысы, кәсіподақтың мүшелік ұйымының Жарғысы, осы Ереже, кәсіподақтың өзге де құқықтық актілері негізінде әрекет етеді, өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдылығын, Кәсіподақтың және ның тиісті аумақтық ұйымдарының басшы органдарының шешімдерін басшылыққа алады.

1.6. Бастауыш кәсіподақ ұйымы өз қызметінде мемлекеттік билік органдарынан, жұмыс берушілерден және бірлестіктерінен, саяси партиялар мен басқа да қоғамдық ұйымдардан тәуелсіз, оларға есеп бермейді және бағынышты емес. Олармен қарым-қатынасты өзара әлеуметтік әріптестік, серіктестік пен диалог негізінде құрады.

1.7. Бастауыш кәсіподақ ұйымының тұрақты жұмыс жасайтын сайланбалы басқару органының шешімі бойынша бастауыш ұйымның ішінде кәсіподақ топтары құрылуы мүмкін.

1.8. Білім беру және ғылым жүйесінің бір ұйымында біреуден артық бастауыш ұйымы құрыла алмайды.

## 2. КӘСІПОДАҚТЫҢ ОБЛЫСТЫҚ (ҚАЛАЛЫҚ, АУМАҚТЫҚ) ҰЙЫМЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ, ПРИНЦИПТЕРІ, МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**2.1. Бастауыш кәсіподақ ұйымының негізгі мақсаттары мен міндеттері:**

2.1.1. кәсіподақ мүшелерінің жеке және ұжымдық әлеуметтік-еңбек, кәсіби, экономикалық және өзге де құқықтары мен мүдделеріне өкілеттік ету және қорғау;

2.1.2. Кәсіподақтың және оның еңбек ұжымындағы мүшелік ұйымдарының міндеттерін жүзеге асыру болып табылады.

**2.2. Бастауыш кәсіподақ ұйымы қызметінің негізгі принциптері:**

**2.2.1.** шешім қабылдауда Кәсіподақ Жарғысының ережелеріне басымдық беру;

2.2.2. кәсіподаққа кіру мен оның қатарынан шығу еріктілігі, кәсіподақ мүшелерінің құқылары мен міндеттерінің тең-теңдігі;

2.2.3. кәсіподақ ұйымдарының кәсіподақ мүшелері алдындағы жарғылық мақсат-міндеттерін жүзеге асырудағы ынтамақтастығы, өзара көмек-қолдауы мен жауапкершілігі;

2.2.4. кәсіподақ ұйымдарының, сайланбалы кәсіподақ органдарының жұмысындағы алқалылық пен олардың құрамына сайланған белсенділердің жеке жауапкершілікте болуы;

2.2.5. кәсіподақ ұйымдары мен сайланбалы кәсіподақ органдарының жұмысындағы жариялылық пен ашықтық;

2.2.6. шешім қабылдағанда әрбір кәсіподақ мүшесінің пікірін құрметтеу;

2.2.7. кәсіподақ органдарының құзырет шеңберінде қабылданған шешімдерінің орындау міндеттілігі;

2.2.8. кәсіподақ органдарының сайланбалығы және олардың кәсіподақ мүшелері алдындағы есептілігі;

2.2.9. қаржылық және атқарушылық тәртіптің сақталуы.

## 3. БАСТАУЫШ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**3.1. Кәсіподақтың бастауыш ұйымының құқықтары:**

3.1.1. кәсіподаққа қабылдауды және одан шығаруды жүзеге асырады;

3.1.2. жоғары тұрған тиісті кәсіподақ органдарына өз өкілдерін жолдауға, оларды кері шақыруға және алмастырады;

3.1.3. жоғары тұрған тиісті кәсіподақ органдарының қарауына ұсыныстар мен құжаттар жобаларын енгізуге, олардың қаралу нәтижелері бойынша ақпарат алады;

3.1.4. кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қорғау туралы жоғары тұрған кәсіпода органдарына ұсыныстармен қайырылады;

3.1.5. ұжымдық келіссөздер жүргізуде, ұжымдық шарттар жасау мен өзгертуде, оның орындалуына бақылау жүргізуде қызметкерлердің мүддесін танытады;

3.1.6. Кәсіподақтың тиісті аумақтық ұйымының қызметіне, оның ішінде салалық аймақтық келісімдерді, өзге келісімдерді әзірлеу мен жасауға, ұсыныстар енгізеді және атсалысады;

3.1.7. Кәсіподақтың тиісті аумақтық ұйымының жетекшілеріне үміткерлер бойынша ұсыныстар жасайды;

3.1.8. заңдылықпен және кәсіподақ құжаттарымен көзделген тәртіппен кәсіподақ мүлігін пайдаланады;

3.1.9. Кәсіподақтың тиісті аумақтық ұйымдарының мүмкіндіктерін кәсіподақ кадрлары мен белсенділерін оқытуға пайдаланып, өз қызметіне қажетті ақпарат алады және таратады;

3.1.10. Кәсіподақтың тиісті аумақтық ұйымына бұқаралық акциялар, оның ішінде митингтер, шерулер, демонстрациялар мен пикеттер ұйымдастыру, сондай-ақ Кәсіподақтың бастауыш ұйымымен өткізілетін ұжымдық әрекеттерге қолдау көрсету туралы ұсыныстармен шығады;

3.1.11. Кәсіподақтың тиісті аумақтық ұйымына өз қызметін жүзеге асыруға қажетті ақпарат, кеңестер, көмек пен қолдау алу үшін қайырылады;

3.1.12. жоғары тұрған кәсіподақ органдарына кәсіподақ мүшелерін марапаттау, мадақтау туралы ұсыныстар енгізеді.

**3.2. Бастауыш кәсіподақ ұйымының міндеттері:**

3.2.1. кәсіподаққа қамту мен тарту жұмысын жүргізеді;

3.2.2. Кәсіподақ Жарғысын, Кәсіподақтың аумақтық ұйымының Жарғысын, кәсіподақ органдарының, өз құзыреті аясында, қабылдаған шешімдерін орындайды;

3.2.3. ұжымдық шарт әзірлейді және жасайды, оның орындалуын бақылайды, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі келісімдерді жасайды және орындалуын бақылауға септік етед;

3.2.4. кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауда ынтамақтастық танытып, кәсіподақтың ұжымдық әрекеттерін ұйымдастыру мен өткізуге қатысады;

3.2.5. Кәсіподақ Жарғысымен белгіленген тәртіп, мерзім мен мөлшерге сәйкес кәсіподақ ұйымының қызметін ұйымдастыруға қаржы аударумен байланысты шешімдерді орындайды және қаржы тәртібін сақтайды;

3.2.6. жұмыс берушілердің мүшелік жарналарды мезгілінде әрі толыққанды аударуына бақылау жүргізеді;

3.2.7. жоғары тұрған тиісті кәсіподақ органдарына статистикалық мәліметтер, қаржы есептілігі мен жоғары тұрған кәсіподақ органдарымен бекітілетін нысандар бойынша өзге де ақпаратты беріп тұрады;

3.2.8. жиналыс (конференция), сайланбалы алқалы кәсіподақ органдарының қарауына жоғары тұрған кәсіподақ орагандарымен ұсынылған сұрақтарды енгізеді;

3.2.9. Кәсіподаққа, кәсіподақ ұйымдарына нұқсан мен залал келтіретін әрекеттерге жол бермейді.

## 4. ҚҰРЫЛЫМ, ЕСЕП БЕРУ ЖӘНЕ САЙЛАУ

4.1. Бастауыш кәсіподақ ұйымы Кәсіподақ Жарғысына, Кәсіподақтың аумақтық ұйымының Жарғысына сәйкес өзінің ұйымдық құрылымы мәселелерін шешеді. Кәсіподақ комитетінің шешімі бойынша білім және ғылым жүйесі ұйымдарының құрылымдық бөлімшелерінде кәсіподақ топтары құрылуы мүмкін.

4.2. Бастауыш кәсіподақ ұйымдарындағы есеп беру мен сайлау бес жылда кемінде бір рет өткізіледі.

4.3. Есеп беру-сайлау жинлысын (конференцияның) шақыру күні мен күн тәртібі:

4.3.1. кәсіподақ топтарындағы жиналыстар – кемінде 10 күн бұрын;

4.3.2. бастауыш кәсіподақ ұйымдарының жиналыстары – кемінде 15 күн;

4.3.3. бастауыш кәсіподақ ұйымдарының конференциялары – кемінде бір ай бұрын хабарланады.

4.4. Тексеру-бақылау комиссиясын сайлау, бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасын сайлау, жоғары тұрған кәсіподақ органымен белгіленетін, ал кәсіподақ топтарында – кәсіподақ комитетімен белгіленетін, кәсіподақ комитетін сайлауымен бір мезгілде бір мерзімге жүргізіледі.

4.5. Бастауыш кәсіподақ ұйымдарында есеп беру-сайлауды өткізу тәртібі Қазақстандың салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының ұйымдарыда есеп беру – сайлауды дайындау мен өткізуге арналған Нұсқаулықпен белгіленеді.

## 5. БАСТАУЫШ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ОРГАНДАРЫ, ОЛАРДЫ ЖАСАҚТАУ ТӘРТІБІ, ҚҰЗЫРЕТІ МЕН ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ

5.1. Бастауыш кәсіподақ ұйымдарынцың органдары болып:

Жоғарғы басшы орган – Жиналыс (конференция);

Сайланбалы алқалы тұрақты жұмыс жасайтын басшы орган – Кәсіподақ комитеті (ары қарай – Комитет);

- сайланбалы дербес атқарушы орган – бастауыш кәсіподақ ұйымының Төрағасы;

Бақылау-тексеруші орган – Бақылау тексеру комиссиясы есептеледі.

**5.2. Жиналыс (Конфенренция)**

Жиналыс (Конференция) бастауыш кәсіподақ ұйымының жоғарғы басшы органы болып табылады.

5.3. Жиналыс (Конференция) құзыреті:

5.3.1. бастауыш кәсіподақ ұйымының негізгі жұмыс бағыттарын белгілейді;

5.3.2. сайланбалы кәсіподақ органдарының барлық жұмыс бағыттары бойынша есептерін тыңдайды және олардың жұмысына баға береді;

5.3.3. сайлау (жолдау) жолымен Комитетті жасақтайды;

5.3.4. Тексеру-бақылау комиссиясын, Бастауыш ұйым төрағасын сайлайды;

5.3.5. бастауыш кәсіподақ ұйымдарының сайланбалы органдарының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды;

5.3.6. Кәсіподақтың тиісті аумақтық ұйымының конференциясына делегаттар сайлайды, сондай-ақ өкілеттік мөлшерге сәйкес сайланбалы кәсіподақ органдарына өз өкілдерін жолдайды;

5.3.7. жоғары тұрған кәсіподақ органының сайланбалы алқалы тұрақты жұмыс жасайтын басшы органымен келісе отырып, бастауыш кәсіподақ ұйымының қызметін тоқтату туралы шешім қабылдайды;

5.3.8. бастауыш кәсіподақ ұйымының өзге де сұрақтарын шешеді;

5.3.9. жекелеген құзыреттерді Комитетке жүктей алады;

5.4. Жиналысты қажетіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет, Комитет шақырады.

Конференцияны қажетіне қарай, бірақ кемінде бес жылда бір рет, Комитет шақырады. Конференцияға делегаттар сайлау тәртібі мен өкілеттік мөлшері Комитетпен белгіленеді.

5.5. Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы, бастауыш ұйымның бақылау-тексеру комиссиясының төрағасы конференция делегаттары болып табылады.

5.6. Жалпы жиналыстың күн тәртібі, өтетін күні мен орны туралы белгіленген мерзімнен кемінде 15 күн бұрын, ал конференция туралы – кемінде 30 күн бұрын хабарланады.

5.7. Жиналыс егер оған, бастауыш ұйымда есепте тұрған кәсіподақ мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, құқықты (заңды) деп есептеледі.

Конференция егер оған сайланған делегаттардың кемінде үштен екісі қатысса құқықты (заңды) есептеледі.

5.8. Шешім қабылдаудағы дауыс беру тәртібі мен нысанын делегаттар, жиналыс қатысушылары белгілейді.

Жиналыс (конференция) шешімі, егер ол үшін, кворум болған жағдайда, жиналыс қатысқан кәсіподақ мүшелерінің, конференция делегаттарының жартысынан астамы жақтап дауыс берсе қабылданды деп есептеледі.

Комитеттің, Төрағаның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, бастауыш кәсіподақ ұйымын тарату сұрақтары бойынша шешімдер, егер ол үшін, кворум болған жағдайда, жиналысқа қатысқан кәсіподақ мүшелерінің, конференция делегаттарының кемінде үштен екісі жақтап дауыс берсе қабылданды деп есептеледі.

5.9. Жиналыс (конференция) шешімдері қаулы түрінде қабылданады.

5.10. Кезектен тыс жиналыс (конфеенция) Комитеттің:

5.10.1 өз бастамасы бойынша;

5.10.2. бастауыш ұйымда есепте тұрған кәсіподақ мүшелерінің кемінде үштен бірінің талабы бойынша;

5.10.3. жоғары тұрған кәсіподақ органының талабымен қабылданған шешімі бойынша өткізілуі мүмкін.

5.11. Комитет талап жолданған күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей жиналыс (конференция) өткізу турлы шешім қабылдауға және оның өту күнін белгілеуге міндетті.

**5.12. Комитет:**

Бастауыш ұйым қызметіне жиналыстар (конференциялар) аралығында жетекшілікті жүзеге асыру үшін сайланбалы алқалы тұрақты жұмыс жасайтын басшы орган болып табылатын Комитет сайланады.

5.13. Комитеттің құзыреті:

5.13.1. ұжымдық келіссөздер жүргізуде, ұжымдық шарттар жасау мен өзгертуде, оның орындалуына бақылау жүргізуде, сондай-ақ мекемені басқару мен еңбек дауларын қарау құқығын жүзеге асыруда қызметкерлердің мүддесін танытады;

5.13.2. жұмыс берушілер немесе олардың өкілдеріне талаптар қояды және жолдайды, заңдылыққа сәйкес жұмысшылардың талаптарына қолдау білдірумен байланысты ұжымдық әрекеттерді ұйымдастырады және өткізеді;

5.13.3. жұмыс берушілер еңбек жағдайларына қатысты локальды актілер қабылдағанда, сондай-ақ қызметкерлермен жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылғанда және өзге де жағдайларда Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, заңдармен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен, ұжымдық шарттармен, келісімдермен көзделген тәртіппен қызметкерлердің пікірін білдіреді және қорғайды;

5.13.4. жұмыс берушілер мен оның өкілдерінің еңбек заңдылығын сақтауына қоғамдық бақылау жүргізеді;

5.13.5. еңбек қорғау мен қауіпсіздігі жөніндегі қоғамдық инспекторлардыың салауын және жұмысын ұйымдастырады, еңбек қорғау мен қауіпсіздігі жөніндегі комитет (комиссия) жұмысына қатысады;

5.13.6. жиналыс(конференция) шақырады, олардың шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады және бақылайды, кәсіподақ мүшелерін жиналыс (конференция) шешімдерінің орындалуы туралы хабарландырады;

5.13.7. Кәсіподақпен белгіленген мерзімде бастауыш ұйымдағы есеп беру мен сайлаудың өткізілуін ұйымдастырады;

5.13.8. Конференция аралығында Комитеттің шығып қалған мүшелерінің орнына тікелей жолдау арқылы сайланған мүшелерінің өкілеттігін растайды;

5.13.9. кезекті қаржы жылына кіріс және шығыс сметасын бекітеді;

5.13.10. жоғары тұрған кәсіподақ органдарына мүшелік жарналардың мезгілінде және толыққанды аударылуын қамтамасыз етеді;

5.13.11. бастауыш кәсіподақ ұйымының статистикалық, қаржылық және өзге де есептіліктерін бекітеді;

5.13.12. кәсіподақ мүшелері алдында есеп береді, оларды өз қызметі туралы, оның ішінде бастауыш ұйымның кіріс және шығыс сметасының орындалуы туралы тұрақты түрде хабарландырып отырады;

5.13.13. қызметкерлерді кәсіподақ мүшелігіне қамту жұмысын жүргізеді, кәсіподақ мүшелерінің есебін ұйымдастырады;

5.13.14. кәсіподақ мүшелері мен активін оқытуды ұйымдастырады;

5.13.15. өзге де құзыретті жүргізеді;

5.13.16. жекелеген құзыреттерді бастауыш кәсіподақ ұйымының Төрағасына жүктей алады.

5.14. Комитеттің өкілеттік мерзімі – Кәсіподақтағы бес жылдық есеп беру-сайлау циклінің аясында бес жыл.

5.15. Комитет отырысы қажетіне қарай, бірақ тоқсанында кемінде бір рет өткізіледі.

5.16. Комитеттің кезектен тыс отырысы Төрағаның өз бастамасы бойынша, Комитет мүшелерінің кемінде үштен бірінің немесе жоғары тұрған кәсіподақ органының талабы бойынша шақырылады.

5.17. Комитет отырысы, егер оның жұмысына мүшелердің жартысынан астамы қатысса, құқылы (заңды) деп есептеледі.

5.18. Комитет отырысын бастауыш ұйымның Төрағасы жүргізеді.

5.19. Комитет шешімі, Кәсіподақ Жарғысымен, Кәсіподақтың аумақтық ұйымының Жарғысымен және осы Ережемен көзделген жағдайлардан өзге кезде, отырысқа қатысқан мүшелердің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

5.20. Комитет шешімі қаулы түрінде қабылданады.

**5.21. Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы:**

Бастауыш кәсіподақ ұйымының ағымдағы жұмысына жетекшілік ету үшін сайланбалы дербес атқарушы орган болып табылатын бастауыш кәсіподақ ұйымының Төрағасы сайланады.

Бастауыш ұйым Төрағасының өкілеттік мерзімі – Кәсіподақтағы бес жылдық есеп беру-сайлау циклінің аясында бес жыл.

Бастауыш ұйым төрағасы лауазымы бойынша Комитет құрамына кіреді.

5.22. Төрағаның жалпы құзыреті мен өкілеті:

5.22.1. Комитет жұмысының ұйымдастырады және оның отырыстарын жүргізеді;

5.22.2. Жиналыс (Конференция), Комитет пен жоғары тұрған кәсіподақ органдары шешімдеріің орындалуын ұйымдастырады, орындалуы үшін жеке жауапкершілікте болады;

5.22.3. жұмыс беруші алдында бастауыш кәсіподақ ұйымының мүддесін танытады;

5.22.4. бастауыш кәсіподақ ұйымының атынан өтініштер мен сұраныстар жолдайды;

5.22.5. кәсіподақтық мүшелік жарналардың жиналуына, сондай-ақ тиісті кәсіподақ ұйымына мезгілінде әрі толыққанды аударылуына бақылау жүргізеді және Кәсіподақ Жарғысының жоғары тұрған кәсіподақ органдарына кәсіподақ жарналарын аударылуына қатысты ережелерінің орындалуына жауапты болады;

5.22.6. өз құзыретінің шегінде мүліктерге, оның ішінде бастауыш ұйым басқаруындағы қаржы-қаражаттарға иелік етеді, оның ұтымды жұмсалуына жауапты болады;

5.22.7. кәсіподақ мүшелерінің есебін ұйымдастырады;

5.22.8. жоғары тұрған кәсіподақ органдарына статистикалық және қаржылық есептіліктер тапсырады;

5.22.9. өзге де, оның ішінде сайланбалы алқалы органдармен берілген құзыреттерді жүзеге асырады;

5.22.10. бастауыш кәсіподақ ұйымы құжаттарының есебін ұйымдастырады және сақталуын қамтамасыз етеді, іс номенклатурасына сай олардың мұрағаттық сақтауға тапсырылуын жүргізеді.

5.23. Бастауыш ұйым Төрағасы болмаған уақытта оның қызметін Комитет шешімі негізінде кәсіподақ Комитеті мүшелерінің бірі атқарады.

5.24. Бастауыш кәсіподақ ұйымы Төрағасының, заңдылықпен көзделген негіздер бойынша (өз бастамасы болғаннан өзге жағдайда), сондай-ақ оның Кәсіподақ Жарғысын, Кәсіподақтың аумақтық ұйымының Жарғысын, Бастауыш ұйым туралы Ережені бұзғаны, Кәсіподақтан шығарылуы, сайланбалы алқалы кәсіподақ органдарының шешімдерін орындамағаны үшін, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Комитеттің өз бастамасы бойынша, Комитет мүшелерінің кемінде үштен бірінің немесе жоғары тұрған кәсіподақ органының талабы бойынша шақырылған кезектен тыс Жиналысында (Конференцияда) қабылданады.

5.25. Бастауыш кәсіподақ ұйым Төрағасының өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімді Комитет қабылдайды.

Бұл жағдайда бастауыш ұйым Төрағасының міндетін орындау алты айға дейін Комитет мүшелерінің біріне жүктеледі.

Шығып қалған төрағаның орнына Төраға сайлау Кәсіподақ Жарғысымен, Кәсіподақтың аумақтық ұйымының Жарғысымен көзделген тәртіппен алты ай мерзім ішінде жүргізіледі. Мұндай тәртіппен сайланған Төраға аталған лауазымда Комитеттің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін болады.

## 6. КӘСІПОДАҚТАҒЫ БАҚЫЛАУ-ТЕКСЕРУ ОРГАНДАРЫ

6.1. Бастауыш кәсіподақ ұйымының қаржы-шаруашылық қызметіне, кәсіподақтық мүшелік жарналардың мөлшері, төлем тәртібі мен мерзімі, есептелуі мен түсуіне, кәсіподақ қаржысы мен мүлігінің сақталуы мен мақсатты жұмсалуына, іс қағаздарының жүргізуліне бақылау жүргізу үшін бастауыш ұйымның бақылау-тексеру комиссиясы құрылады.

6.2. Бақылау-тексеру комиссиясы Кәсіподақтың біртұтас бақылау-тексеру қызметінің органы болып табылады, кәсіподақ жиналысы (конференциясы) мен жоғары тұрған кәсіподақ ұйымдарының сайланбалы органдары алдында есепті болады. Өз қызметін Кәсіподақ Жарғысына, Кәсіподақтың аумақтық ұйымының Жарғысына және Кәсіподақтың бақыолау-тексеру органдары туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

6.3. Бастауыш ұйымның Бақылау-тексеру комиссиясы бастауыш кәсіподақ ұйымының есеп беру-сайлау жиналысында (конференцияда) Комитеттің өкілеттік мерзіміне сәйкес мерзімге сайланады.

6.4. Бастауыш ұйымның Бақылау-тексеру комиссиясының төрағасы өз отырысында сайланады

6.5. Бастауыш ұйымның Бақылау-тексеру комиссиясының төрағасы Комитет жұмысына кеңесші дауыс беру құқығымен қатысады.

## 7. БАСТАУЫШ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ҚАРЖЫСЫ МЕН МҮЛІГІ

**7.1. Кәсіподақтың бастауыш ұйымының мүлігі:**

7.1.1. Кәсіподақ ұйымының мүлігі, оның ішінде мүшелік жарналар мен өзге де қаржы-қаражаты заңды тұлға мәртебесінде құрылған тиісті аумақтық кәсіподақ ұйымының меншігі болып табылады.

7.1.2. Кәсіподақ мүшелері өздерінің кәсіподақ меншігіне берген мүліктеріне, оның ішінде кәсіподақтық мүшелік жарналарға да меншік құқығын сақтамайды.

**7.2. Мүліктерді, оның ішінде қаржы-қаражатты қалыптастыру көздеріне:**

7.2.1. кәсіподақ мүшелерінің бастапқы және ай сайынғы жарналары;**

7.2.2. ұжымдық шарттармен, келісімдермен көзделген жағдайларда жұмыс берушілерден, олардың бірлестіктерінен әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және өзге де шараларды өткізуге арналған, сондай-ақ заңмен тыйым салынбаған өзге де түсімдер жатады.

7.3. Кәсіподақ мүшелері бастауыш ұйым міндеттемелері бойынша, ал бастауыш ұйым кәсіподақ мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік артпайды.

**7.4. Мүлікті иемдену, пайдалану және иелік ету.**

7.4.1. Бастауыш кәсіподақ ұйымы жарғылық мақсаттар мен міндеттерді орындауға, кәсіподақ ұйымы мен кәсіподақ мүшелерінің мүддесіне қажетті мүліктерді, оның ішінде қаржы-қаражатарды, пайдаланады және иелік етеді.

7.4.2. Бастауыш кәсіподақ ұйымы жоғары тұрған кәсіподақ органдарының шешімдеріне сәйкес қаржылық міндеттемелерді орындаудан кейінгі қалған қаржы-қаражатқа иелік етеді.

7.4.3. Қаржы-қаражат бастауыш ұйымның Комитеті бекітетін семтанегізінде жұмсалады.

7.4.4. Кәсіподақта кәсіподақтық мүшелік жарна қызметкердің бір айға есептелген еңбек ақысы және еңбек міндеттерімен байланысты өзге де табыстарының 1 пайызы, білімгерлерге тағайындалған шәкіртақының 1 пайызы, жұмыс істемейтін зейнеткердің зейнетақсының 0.5 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

7.4.5. Кәсіподақтық мүшелік жарналар қолма-қол емес нысанда аударылады. Қызметкерлердің еңбек ақысынан (білімгерлердің шәкіртақсынан) мүшелік жарналарды жұмыс беруші, кәсіподақ мүшелерінің ұжымдық шартқа, келісімге сәйкес жазбаша өтініштері болған жағдайда, тегін аударады.

Мүшелік жарнаны қолма-қол төлеу тек жарнаны дәлелді себептерге байланысты аудару мүмкін болмаған жағдайда ғана пайдаланылады.

## 8. БАСТАУЫШ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТОҚТАТЫЛУЫ

8.1. Бастауыш кәсіподақ ұйымының қызметін тоқтату туралы шешім Кәсіподақтың тиісті аумақтық ұйымының сайланбалы алқалы органының келісімі бойынша жиналыста (конференцияда) қабылданады.

Шешім, кворум болған жағдайда, егер ол үшін жиналысқа қатысқан кәсіподақ мүшелерінің, конференция делегаттарының кемінде үштен екісі жақтап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

8.2. Бастауыш кәсіподақ ұйымының қызмепті Кәсіподақтың тиісті аумақтық ұйымының уәкілетті органының шешімі бойынша тоқтатылуы мүмкін.

*Утверждено*
*Отраслевым Советом Профсоюза*
*работников образования и науки*
*Протокол № 1 от «02»сентября2022года*

**ПОЛОЖЕНИЕ**
**о первичной организации КГУ «Средняя №7 города Атбасар отдела образования Атбасарского района» Общественного объединения «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников образования и науки»**

## I. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Положение о первичной организации ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников образования и науки» (Далее – Профсоюз) разработано в соответствии с п. 2 ст. 15 Закона РК «О профессиональных союзах» и Уставом ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников образования и науки».

1.2. Первичная организация – структурное подразделение профсоюза, находящееся непосредственно в организации и состоящее из членов профсоюза, являющихся работниками данной организации.

Первичная организация профсоюза является организационным структурным звеном профсоюза и соответствующей территориальной организации профсоюза.

1.3. Первичная организация профсоюза создается работниками и (или) обучающимися организации системы образования и науки на собрании (конференции) при наличии не менее трех членов профсоюза.

1.4. В организациях профессионального образования может создаваться одна первичная профсоюзная организация, объединяющая одновременно работников и обучающихся, или две самостоятельные первичные профсоюзные организации.

1.5. Первичная организация профсоюза действует на основании Устава Профсоюза, Устава членской организации профсоюза, настоящего Положения, иных правовых актов профсоюза, руководствуется в своей деятельности законодательством Республики Казахстан, решениями руководящих органов соответствующей территориальной организации профсоюза и Профсоюза.

1.6. Первичная организация профсоюза независима в своей деятельности от органов государственной власти, работодателей и их объединений, политических партий и других общественных объединений, им не подотчетна и не подконтрольна, взаимоотношения с ними строит на основе социального партнерства, диалога и сотрудничества.

1.7. По решению выборного постоянно действующего руководящего органа первичной профсоюзной организации внутри первичной организации могут создаваться профгруппы.

1.8. В одной организации системы образования и науки может быть создано не более одной первичной организации профсоюза.

## 2. ЦЕЛИ, ЗАДАЧИ И ПРИНЦИПЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПЕРВИЧНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ ПРОФСОЮЗА

**2.1. Основными целями и задачами первичной организации профсоюза являются:**

2.1.1. представительство и защита индивидуальных и коллективных социально-трудовых, профессиональных, экономических и иных прав и интересов членов профсоюза;

2.1.2. реализация задач Профсоюза и его членских организаций в трудовом коллективе;

**2.2. Основными принципами деятельности первичной организации профсоюза являются:**

2.2.1. приоритет положений Устава Профсоюза при принятии решений;

2.2.2. добровольность вступления в профсоюз и выхода из него, равенство прав и обязанностей членов профсоюза;

2.2.3. солидарность, взаимопомощь и ответственность организаций профсоюза перед членами профсоюза за реализацию уставных целей и задач Профсоюза;

2.2.4. коллегиальность в работе организаций профсоюза, выборных профсоюзных органов и личная ответственность избранных в них профсоюзных активистов;

2.2.5. гласность и открытость в работе организаций профсоюза и выборных профсоюзных органов;

2.2.6. уважение мнения каждого члена профсоюза при принятии решений;

2.2.7. обязательность выполнения решений профсоюзных органов, принятых в пределах их полномочий;

2.2.8. выборность профсоюзных органов и их отчетность перед членами профсоюза;

2.2.9. соблюдение финансовой и исполнительской дисциплины.

## 3. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ ПЕРВИЧНОЙ

**ОРГАНИЗАЦИИ ПРОФСОЮЗА**

**3.1. Права первичной организации профсоюза:**

3.1.1. осуществлять прием и исключение из профсоюза;

3.1.2. делегировать своих представителей в вышестоящие профсоюзные органы, отзывать и заменять их;

3.1.3. вносить проекты документов и предложения на рассмотрение вышестоящих профсоюзных органов, получать информацию о результатах их рассмотрения;

3.1.4. обращаться в вышестоящие профсоюзные органы с ходатайством о защите прав и интересов членов профсоюза в государственных органах и органах местного самоуправления;

3.1.5. представлять интересы работников при проведении коллективных переговоров, заключении и изменении коллективного договора, осуществлении контроля за его выполнением;

3.1.6. вносить предложения и участвовать в деятельности соответствующей территориальной организации профсоюза, в том числе по разработке и заключению отраслевого регионального соглашения, других соглашений;

3.1.7. вносить предложения по кандидатурам руководителей соответствующих территориальных организаций профсоюза;

3.1.8. пользоваться имуществом профсоюза в установленном законодательством и документами профсоюза порядке;

3.1.9. использовать возможности соответствующей территориальной организации профсоюза и Профсоюза для обучения профсоюзных кадров и актива, получения и распространения информации, необходимой для своей деятельности;

3.1.10. обращаться в вышестоящие профсоюзные органы с предложениями об организации массовых акций, в том числе о проведении митингов, демонстраций, шествий, пикетирования, а также о поддержке коллективных действий, проводимых первичной организацией Профсоюза;

3.1.11. обращаться в соответствующую территориальную организацию профсоюза для получения информации, консультаций, помощи и поддержки, необходимой для осуществления своей деятельности;

3.1.12. вносить в вышестоящие профсоюзные органы предложения о поощрении членов профсоюза.

**3.2. Обязанности первичной организации профсоюза:**

3.2.1. проводить работу по вовлечению в профсоюз;

3.2.2. выполнять Устав Профсоюза, Устав территориальной организации профсоюза, решения профсоюзных органов, принятые в соответствии со своими полномочиями;

3.2.3. разрабатывать и заключать коллективный договор, контролировать его выполнение, содействовать заключению и контролю за выполнением соглашений по регулированию социально-трудовых отношений;

3.2.4. проявлять солидарность в защите прав и интересов членов профсоюза и принимать участие в организации и проведении коллективных действий профсоюза;

3.2.5. соблюдать финансовую дисциплину и выполнять решения по отчислению средств на организацию деятельности организаций профсоюза в соответствии с установленными Уставом Профсоюза порядком, сроками и размерами;

3.2.6. осуществлять контроль за полнотой и своевременностью перечисления профсоюзных взносов работодателем;

3.2.7. представлять в соответствующие вышестоящие профсоюзные органы статистические сведения, финансовую отчетность и другую информацию по установленным формам, утверждаемым вышестоящими профсоюзными органами;

3.2.8. вносить на рассмотрение собрания (конференции), выборных коллегиальных профсоюзных органов вопросы, предложенные вышестоящим профсоюзным органом;

3.2.9. не допускать действий, наносящих вред и причиняющих ущерб Профсоюзу, организациям профсоюза.

## 4. СТРУКТУРА, ОТЧЁТЫ И ВЫБОРЫ

4.1. Первичная организация профсоюза в соответствии с Уставом Профсоюза, Уставом территориальной организации профсоюза решает вопросы своей организационной структуры. По решению профсоюзного комитета в структурных подразделениях организации системы образования и науки могут создаваться профгруппы.

4.2. Отчеты и выборы профсоюзных органов в первичной организации профсоюза проводятся не реже одного раза в 5 лет.

4.3. Дата созыва отчетно-выборного собрания (конференции) и повестка дня сообщаются:

4.3.1. собрания в профсоюзной группе - не позднее, чем за 10 дней;

4.3.2. собрания в первичной профсоюзной организации, - не позднее, чем за 15 дней;

4.3.3. конференции в первичной профсоюзной организации - не позднее, чем за месяц.

4.4. Выборы контрольно-ревизионной комиссии, председателя первичной организации профсоюза проводятся одновременно с выборами профсоюзного комитета в единые сроки, определяемые

вышестоящим профсоюзным органом, а в профгруппах – в единые сроки, определяемые профсоюзным комитетом.

4.5. Порядок проведения отчетов и выборов в первичной профсоюзной организации определяется Инструкцией о порядке подготовки и проведения отчетов и выборов в профсоюзных организациях Казахстанского отраслевого профсоюза работников образования и науки, утвержденной Исполкомом Профсоюза.

## 5. ОРГАНЫ ПЕРВИЧНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ ПРОФСОЮЗА, ПОРЯДОК ИХ ФОРМИРОВАНИЯ, КОМПЕТЕНЦИЯ И СРОКИ ПОЛНОМОЧИЙ

5.1. Органами первичной профсоюзной организации являются:

Собрание (Конференция) – высший руководящий орган;

Профсоюзный Комитет (Далее – Комитет) – выборный коллегиальный постоянно действующий руководящий орган;

Председатель первичной профсоюзной организации – выборный единоличный исполнительный орган;

Контрольно-ревизионная комиссия – контрольно-ревизионный орган.

**5.2. Собрание (Конференция)**

Собрание (Конференция) является высшим руководящим органом первичной организации профсоюза.

5.3. Полномочия Собрания (Конференции):

5.3.1. определяет основные направления работы первичной профсоюзной организации;

5.3.2. заслушивает отчеты выборных профсоюзных органов по всем направлениям их деятельности и даёт оценку их работы;

5.3.3. формирует путем избрания (делегирования) Комитет;

5.3.4. избирает Контрольно-ревизионную комиссию, Председателя первичной организации профсоюза;

5.3.5. принимает решение о досрочном прекращении полномочий выборных органов первичной организации профсоюза;

5.3.6. избирает делегатов на конференции соответствующей территориальной организации профсоюза, а также делегирует своих представителей в выборные профсоюзные органы согласно норме представительства;

5.3.7. принимает решения о прекращении деятельности первичной профсоюзной организации по согласованию с выборным коллегиальным постоянно действующим руководящим органом вышестоящей организации профсоюза;

5.3.8. решает другие вопросы деятельности первичной профсоюзной организации;

5.3.9. может делегировать отдельные полномочия Комитету.

5.4. Собрание созывается Комитетом по мере необходимости, но не реже одного раза в год.

Конференция созывается Комитетом по мере необходимости, но не реже одного раза в пять лет. Порядок избрания делегатов на конференцию и норма представительства устанавливаются Комитетом.

5.5. Председатель первичной организации профсоюза, председатель контрольно-ревизионной комиссии первичной организации профсоюза являются делегатами конференции.

5.6. О повестке дня, дате и месте проведения общего собрания объявляется не менее чем за 15 дней до установленного срока, а конференции – не менее чем за 30 дней.

5.7. Собрание считается правомочным при участии в нем более половины членов профсоюза, состоящих на учете в первичной профсоюзной организации.

Конференция считается правомочной при участии в ней не менее двух третей избранных делегатов.

5.8. Регламент и форма голосования при принятии решений (тайное или открытое) определяется делегатами конференции, участниками собрания.

Решение собрания (конференции) считается принятым, если за него проголосовало более половины членов профсоюза, участвующих в собрании, делегатов конференции, при наличии кворума.

Решения по вопросам досрочного прекращения полномочий Комитета, Председателя, прекращения деятельности и ликвидации первичной профсоюзной организации считаются принятыми, если за них проголосовали не менее двух третей членов профсоюза, участвующих в собрании, делегатов конференции, при наличии кворума.

5.9. Решения собрания (конференции) принимаются в форме постановлений.

5.10. Внеочередное собрание (конференция) может проводиться по решению Комитета, принятому:

5.10.1. по его инициативе;

5.10.2. по требованию не менее одной трети членов профсоюза, состоящих на учете в первичной профсоюзной организации;

5.10.3. по требованию вышестоящего профсоюзного органа.

5.11. Комитет в срок не позднее десяти календарных дней со дня предъявления требования обязан принять решение о проведении собрания (конференции) и установить дату его (её) проведения.

**5.12. Комитет:**

Для осуществления руководства деятельностью первичной организации профсоюза в период между собраниями (конференциями) избирается Комитет, являющийся выборным коллегиальным постоянно действующим руководящим органом первичной профсоюзной организации.

5.13. Полномочия Комитета:

5.13.1. представляет интересы работников при проведении коллективных переговоров, заключении и изменении коллективного договора, осуществлении контроля за его выполнением, а также при реализации права на участие в управлении организацией и рассмотрении трудовых споров;

5.13.2. выдвигает и направляет работодателям или их представителям требования, организует и проводит коллективные действия работников в поддержку их требований в соответствии с законодательством;

5.13.3. выражает и отстаивает мнение работников в порядке, предусмотренном Трудовым кодексом РК, законами и иными нормативными правовыми актами, коллективным договором, соглашениями, при принятии работодателем локальных актов, касающихся условий труда, а также при расторжении трудового договора с работниками по инициативе работодателя и в других случаях;

5.13.4. осуществляет общественный контроль за соблюдением работодателем и его представителями трудового законодательства;

5.13.5. организует выборы и работу общественных инспекторов по безопасности и охране труда профсоюза, участвует в работе комитета (комиссии) по охране труда и технике безопасности;

5.13.6. созывает собрания (конференции), организует и осуществляет контроль за выполнением их решений, информирует членов профсоюза о выполнении решений собрания (конференции);

5.13.7. организует проведение отчетов и выборов в первичной профсоюзной организации в единые установленные в Профсоюзе сроки;

5.13.8. подтверждает в период между конференциями полномочия членов Комитета, избранных прямым делегированием взамен выбывших;

5.13.9. утверждает смету доходов и расходов на очередной финансовый год;

5.13.10. обеспечивает своевременное и полное перечисление членских взносов в вышестоящие профсоюзные органы;

5.13.11. утверждает статистические, финансовые и иные отчеты первичной профсоюзной организации;

5.13.12. отчитывается перед членами профсоюза, регулярно информирует их о своей деятельности, в том числе об исполнении сметы доходов и расходов первичной профсоюзной организации;

5.13.13. проводит работу по вовлечению работников в члены профсоюза, организует учет членов профсоюза;

5.13.14. организует обучение профсоюзного актива и членов профсоюза;

5.13.15. осуществляет другие полномочия;

5.13.16. может делегировать отдельные полномочия Председателю первичной организации профсоюза.

5.14. Срок полномочий Комитета – пять лет в рамках единого пятилетнего отчётно-выборного цикла в Профсоюзе.

5.15. Заседания Комитета проводятся по мере необходимости, но не реже одного раза в квартал.

5.16. Внеочередное заседание Комитета созывается Председателем по собственной инициативе, по требованию не менее одной трети членов Комитета или по требованию вышестоящего профсоюзного органа.

5.17. Заседание Комитета считается правомочным при участии в нем более половины членов Комитета.

5.18. Заседание Комитета ведет Председатель первичной профсоюзной организации.

5.19. Решение Комитета принимается простым большинством голосов его членов, принимающих участие в заседании, кроме случаев, предусмотренных Уставом Профсоюза, Уставом территориальной организации профсоюза и настоящим Положением.

5.20. Решение Комитета принимается в форме постановления.

**5.21. Председатель первичной профсоюзной организации:**

Для осуществления текущего руководства деятельностью первичной профсоюзной организации избирается Председатель первичной профсоюзной организации, который является единоличным выборным исполнительным органом первичной профсоюзной организации.

Срок полномочий Председателя первичной профсоюзной организации – пять лет в рамках единого пятилетнего отчётно-выборного цикла в Профсоюзе.

Председатель первичной организации профсоюза входит в состав Комитета по должности.

5.22. Общие полномочия Председателя:

5.22.1. организует работу Комитета и ведет его заседания;

5.22.2. организует выполнение решений Собрания (Конференции), Комитета и вышестоящих профсоюзных органов, несет персональную ответственность за их выполнение;

5.22.3. представляет интересы первичной профсоюзной организации перед работодателем;

5.22.4. направляет обращения и ходатайства от имени первичной профсоюзной организации;

5.22.5. осуществляет контроль за сбором членских профсоюзных взносов, а также за своевременным и в полном объеме перечислением их на счёт соответствующей организации профсоюза и несет ответственность за выполнение положений Устава Профсоюза по перечислению членских профсоюзных взносов в вышестоящий профсоюзный орган;

5.22.6. распоряжается имуществом в пределах своих полномочий, в том числе денежными средствами, находящимися в управлении первичной профсоюзной организации, несет ответственность за его рациональное использование;

5.22.7. организует учет членов профсоюза;

5.22.8. представляет в вышестоящие профсоюзные органы статистические и финансовые отчеты;

5.22.9. осуществляет другие полномочия, в том числе переданные выборными коллегиальными органами;

5.22.10. организует учёт и обеспечивает сохранность документов первичной профсоюзной организации, передачу их в соответствии с номенклатурой дел на архивное хранение.

5.23. В отсутствие Председателя первичной профсоюзной организации его функции осуществляет один из членов профсоюзного Комитета на основании решения Комитета.

5.24. Решение о досрочном прекращении полномочий Председателя первичной организации профсоюза по основаниям, предусмотренным законодательством (кроме собственной инициативы), а также нарушения им Устава Профсоюза, Устава территориальной организации профсоюза, Положения о первичной профсоюзной организации, исключения его из Профсоюза, не исполнения решений выборных профсоюзных органов, принимается на внеочередном Собрании (Конференции), созываемом профсоюзным Комитетом по собственной инициативе, по требованию не менее одной трети членов профсоюза либо по требованию вышестоящего профсоюзного органа.

5.25. Решение о досрочном прекращении полномочий Председателя первичной профсоюзной организации по его инициативе принимается Комитетом.

Исполнение обязанностей Председателя первичной профсоюзной организации в этом случае возлагается на срок до 6 месяцев на одного из членов Комитета.

Выборы Председателя взамен выбывшего проводятся в течение шести месяцев в установленном Уставом Профсоюза, Уставом территориальной организации профсоюза порядке. Избранный в таком порядке Председатель остается в должности до истечения срока полномочий Комитета.

## 6. КОНТРОЛЬНО-РЕВИЗИОННАЯ КОМИССИЯ ПЕРВИЧНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ ПРОФСОЮЗА

6.1. Для осуществления контроля за финансово-хозяйственной деятельностью первичной организации профсоюза, соблюдением размера, порядка и сроков уплаты, исчислением и поступлением членских взносов, за сохранностью и целевым использованием денежных средств и имущества профсоюза, ведением делопроизводства образуется контрольно-ревизионная комиссия первичной организации профсоюза.

6.2. Контрольно-ревизионная комиссия является органом единой контрольно-ревизионной службы Профсоюза, подотчетна профсоюзному собранию (конференции) и выборным органам вышестоящих организаций профсоюза. Выполняет свои функции в соответствии с Уставом Профсоюза, Уставом территориальной организации профсоюза и Положением о контрольно-ревизионных органах Профсоюза.

6.3. Контрольно-ревизионная комиссия первичной организации профсоюза избирается на отчетно-выборном собрании (конференции) первичной организации профсоюза на тот же срок полномочий, что и Комитет.

6.4. Председатель контрольно-ревизионной комиссии первичной организации профсоюза избирается на ее заседании.

6.5. Председатель контрольно-ревизионной комиссии первичной организации профсоюза принимает участие в работе Комитета с правом совещательного голоса.

## 7. СРЕДСТВА И ИМУЩЕСТВО ПЕРВИЧНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ ПРОФСОЮЗА

**7.1. Имущество первичной организации Профсоюза:**

7.1.1. Имущество, в том числе членские взносы и иные финансовые средства организации профсоюза, являются собственностью соответствующей территориальной организации профсоюза, созданной в статусе юридического лица.

7.1.2. Члены профсоюза не сохраняют прав на переданное ими в собственность профсоюза имущество, в том числе на членские профсоюзные взносы.

**7.2. Источниками формирования имущества, в том числе денежных средств являются:**

7.2.1. ежемесячные взносы членов профсоюза;

7.2.2. поступления, предусмотренные коллективными договорами, соглашениями от работодателей, их объединений на проведение социально-культурных, оздоровительных и иных мероприятий, а также другие поступления, не запрещенные законом.

7.3. Члены профсоюза не отвечают по обязательствам первичной организации профсоюза, а первичная организация профсоюза не отвечает по обязательствам членов профсоюза.

**7.4. Владение, пользование и распоряжение имуществом**

7.4.1. Первичная организация профсоюза пользуется и распоряжается имуществом, в том числе денежными средствами, необходимыми для выполнения уставных целей и задач, для использования его в интересах членов профсоюза и профсоюзной организации.

7.4.2. Первичная организация профсоюза распоряжается оставшимися в её распоряжении средствами после выполнения финансовых обязательств перед вышестоящими профсоюзными органами в соответствии с их решениями.

7.4.3. Финансовые средства расходуются на основании смет, утверждаемых Комитетом первичной организации профсоюза.

7.4.4. Членский взнос в профсоюзе устанавливается в размере не менее одного процента от ежемесячной начисленной заработной платы и других доходов, связанных с трудовой деятельностью, стипендии, 0,5 процентов от размера пенсии неработающих пенсионеров.

7.4.5. Членские профсоюзные взносы уплачиваются путем безналичного перечисления. Безналичное перечисление членских профсоюзных взносов из заработной платы работников работодателем (из стипендии обучающихся) осуществляется ежемесячно и бесплатно при наличии письменных заявлений членов профсоюза в соответствии с коллективным договором, соглашением.

Наличная форма уплаты членских взносов может использоваться только в случаях, когда уплата взносов в безналичной форме невозможна по объективным причинам.

## 8. ПРЕКРАЩЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПЕРВИЧНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ ПРОФСОЮЗА

8.1. Решение о прекращении деятельности первичной профсоюзной организации принимается собранием (конференцией) по согласованию с выборным коллегиальным органом соответствующей территориальной организации Профсоюза.

Решение считается принятым, если за него проголосовало не менее двух третей членов профсоюза, участвующих в собрании, делегатов конференции, при наличии кворума.

8.2. Деятельность первичной профсоюзной организации может быть прекращена по решению уполномоченного органа соответствующей территориальной организации профсоюза.